

сказать, что при условии широкого соблюдения прав осужденных, общечеловеческих норм морали и нравственности эти учреждения, особенно с перспективой совмещения их с реабилитационными и ресоциализационными центрами, помогает значительно снизить уровень рецидива у профессионалов своего мастерства.³

В органах внутренних дел имеются специализированные подразделения по предупреждению преступности несовершеннолетних (потенциального резерва профессиональных убийц, поскольку почти значительная часть совершили первое преступление, не именно заказное убийство, до совершеннолетия) – инспекция по делам несовершеннолетних, которые помогают осуществить раннее упреждающее воздействие на личность несовершеннолетнего и предотвращать глубокие негативные социально-психологические деформации. Таким образом, эффективность предупреждения убийств по найму во многом зависит от объективности и качества полученной информации, целенаправленности ее сбора, взаимодействия всех подразделений органов внутренних дел между собой, а также с другими правоохранительными структурами. Резюмируя анализ основных направлений предупреждения убийств по найму, представляется необходимым отметить, что серьезные резервы в совершенствовании профилактической деятельности заложены в подготовке высококвалифицированного персонала, способного на современном уровне предупредить заказные убийства, в создании межрегиональных и международных информационных банков, в дальнейшем интенсификация научных исследований в рассматриваемой области.

Подводя итог сказанному, следует еще раз подчеркнуть, что предупреждение убийств по найму – это процесс многофакторный, сложный, требующий комплексного подхода, высококвалифицированных и подготовленных субъектов, представляющий собой исключительно сложную задачу, поскольку это явление порождается многими социальными, политическими, экономическими причинами, а также неадекватностью мер правового, организационного, профессионального характера, направленных на борьбу с этой угрозой человеку.

3. Тайбаков А.А. Профессиональная преступность: основные понятия и направления предупреждения ее в ОВД: Лекция – М.: ВЮЗШ МВД, 2009 г.



АБЫЛАЙҰЛЫ А.

ҚАЗҒУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАР
КАФЕДРАСЫНЫҢ
2 КУРС ДОКТОРАНТЫ

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ



XXI ғасырда қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының алғашқы және соңғы сатысы адам болып табылады. Адам ғылыми-техникалық прогрестің, экономикалық-әлеуметтік дамудың локомотиві болып қана қоймай, барлық игіліктер адам үшін жасалатындығы да рас. Осы мақсатта мемлекеттердің адам ресурстарына және капиталдарына салып жатқан үлесі орасан зор. Олардың басым бөлігі білім саласына тиесілі. Үшінші мыңжылдықта білім алу құқығын адамның табиғи құқықтары қатарына қосып жатқан ғалымдар да бар. Дамыған елдер мен дамушы елдерді салыстырудың критеріі ретінде мемлекетте қанша адам алғашқы, орта және жоғары білім игергендігі бойынша ажыратуға да болады. Дамушы елдер өзінің экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында экономиканың дамуына қаражат салып қана қоймай, білімге де қаражат салады. Өйткені елде экономиканы, әлеуметтік жағдайды, мемлекеттік аппаратты алға жылжытатын жоғары білімді азаматтар. Дамушы елдер, әрине, білім саласындағы шетелдік тәжірибеге сүйенетіндігі де рас.

Білім алу құқығы адам құқықтары аясындағы негізгі халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген. Атап айтсақ, 1948 ж. Адам құқықтарының Жалпы Декларациясымен білім алу құқығы адамның негізгі құқықтары категориясына енгізілген. Декларацияның 26-бабына сәйкес: әрбір адамның білім алуға құқығы бар; алғашқы білім ақысыз және кәсіби білім мен жоғары білім әркімнің мүмкіншілігіне қарай барлығына теңдей қолжетімді болуы тиіс; білім жеке тұлғаның толық дамуына, адам құқықтарының құрметтелуіне және Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарының орындалуына септігін тигізуі тиіс¹.

1966ж. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің 13 бабы білім алу құқығы туралы жоғарыда көрсетілген декларациядағы мәтінді қайталайды және «білім әркімге ерікті қоғамның пайдалы қатысушысы болуға септігін тигізуі тиіс» деп бекітеді². Халықаралық-құқықтық құжаттардың мұндай мәтіндерді қайталауын ол құжаттардың құқықтық сипатымен түсіндіреміз. 1948ж. Декларация ұсыныс сипатында болса, 1966 ж. Пакті міндетті сипатта болып табылады. Қазақстан Республикасы 1966 ж. Пактіні 2006 жылы ратификациялады.

Білім алу құқығы сонымен қатар 1989 ж. Балалар құқығы туралы Конвенциямен танылған және ол құжатты Қазақстан Республикасы 1994 ж. ратификациялаған³.

1. 1948 ж. Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы. Международные акты о правах человека. Сборник документов. М., «НОРМА», 2000, стр. 43.
2. 1966 ж. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакті. Права человека в международных документах. Часть 1. «Данекер». А., 1998, стр. 22-23..
3. 1989 ж. Балалар құқығы туралы Конвенция. Сборник документов по Международному праву. Часть 4. А., 2001, стр.68.

Сонымен қатар білім саласындағы Қазақстан қатысушысы болып табылмайтын халықаралық шарттар да бар. Мәселен, 1960 ж. Білім саласындағы дискриминациямен күрес туралы ЮНЕСКО Конвенциясы. Өзін көпұлтты мемлекет деп жариялайтын Қазақстанға бұл құжатқа қосылу алдыңғы қатарлы міндет деп тану қажет. 1989ж. Кәсіби және техникалық білім туралы Конвенцияға қосылу, елімізде қазіргі таңда өндіруші және қызмет көрсетуші секторда жұмыспен қамту мәселелерін шешуге септігін тигізеді еді.

Жоғары білім саласында Білім, ғылым және мәдениет саласындағы БҰҰ (ЮНЕСКО) ролі жоғары маңызға ие. Білім жеке тұлғаның дамуына, экономикалық өркендеуге және әлеуметтік байланыстардың нығаюына септігін тигізетіндіктен ЮНЕСКО қызметі барлығына, барлық деңгейде және өмір бойы білім беруге бағытталған. ЮНЕСКО жоғары білім саласындағы қатынастарды реттеуде конвенциялар, ұсыныстар және декларациялар қабылдайды⁴. Мәселен, 1997 жылғы «Еуропалық аумақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» Лиссабон конвенциясы. Қазіргі таңда бұл құжатқа әлемнің 44 мемлекеті қосылған. Қазақстан Республикасы бұл конвенцияны алғашқылардың бірі болып таныды⁵.

Осы ретте конвенция «жоғары білімге» халықаралық-құқықтық анықтама беретіндігін атап кеткен жөн. Терминге анықтама беру алғаш рет ЮНЕСКО-ның 1993 жылғы «Оқу курстарын тану және жоғары білім туралы куәліктер туралы» Ұсынысында көрсетілді. Құжаттың 16. сәйкес, «жоғары білім» дегеніміз, уәкілетті мемлекеттік органдармен жоғары оқу орны деп танылған, университеттермен немесе басқа да мекемелермен берілетін оқу курстарының барлық түрлері. Бұл анықтама 1997 ж. Лиссабон конвенциясының 1 — бабымен аз ғана өзгерістерімен келесідей бекітілді: «жоғары білім — тарап мемлекеттің тиісті органдарымен жоғары оқу орны деп танылған, орта білімнен кейінгі оқу курстарының және топтық оқу курстарының, сондай-ақ мамандар мен ізденушілерді дайындау курстарының барлық түрлері». Аталған конвенция жоғары білімге анықтама беріп қана қоймай, жоғары білім біліктіліктерін тануда мемлекеттік органдардың уәкілеттіктерін, біліктіліктерді танудағы негізгі қағидаларды, жоғары білімге жол ашатын біліктіліктерді танудың, оқу мерзімдерін танудың, босқындар мен жер аударылғандардың біліктіліктерін танудың, жоғары оқу орындары мен олардың бағдарламалары туралы ақпарат берудің, тану механизмінің нақты тәсілдері мен тетіктерін бекітеді.

Жоғары білім саласында біліктіліктерді тану туралы еуропалық конвенция алғашқылардың бірі болған жоқ. 1974 ж. Латын Америкасы және Қариб бассейні елдерінің жоғары білім саласындағы оқуларды, сертификаттарды, дипломдарды тану туралы конвенция; 1976 ж. Жерорта теңізі жағалауының Араб және Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы оқуларды, сертификаттарды, дипломдарды тану туралы конвенция; 1978 ж. Араб елдерінің жоғары білім саласындағы оқуларды, сертификаттарды, дипломдарды тану туралы конвенция; 1981 ж. Африка елдерінің жоғары білім саласындағы оқуларды, сертификаттарды, дипломдарды, дәрежелерді және басқа да академиялық біліктіліктерді тану туралы аумақтық конвенция; 1983 ж. Азия және Тынық Мұхиты мемлекеттерінің жоғары білім туралы дипломдар мен ғылыми дәрежелерді тану туралы аумақтық Конвенциялар бар⁶.

Алайда 1997 ж. Лиссабон конвенциясына қарағанда бұл аумақтық конвенциялардың біздің ойымызша бірқатар кемшіліктері бар. Мәселен, аталған құжаттарда еуропалық конвенциядағыдай жоғары білім біліктіліктерін тануда мемлекеттік органдардың уәкілеттіктері, біліктіліктерді танудағы негізгі қағидалар, жоғары білімге жол ашатын біліктіліктерді тану, оқу мерзімдерін тану, босқындар мен жер аударылғандардың біліктіліктерін тану, жоғары оқу орындары мен олардың бағдарламалары туралы ақпарат беру, тану механизмінің

4. Энциклопедия международных организаций. Издательский дом СПб.ГУ, 2003, стр.307.
5. 1997 жылғы «Еуропалық аумақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» ЮНЕСКО Конвенциясы. Сборник документов по Международному праву. Часть 4. А., 2001, стр.192.

6. Regional Conventions on the Recognition of Studies, Diplomas and Degrees in Higher Education in Asia and the Pacific (Bangkok, 16 December 1983), in the African States (Arusha, 5 December 1981), in the Arab States (Paris, 22 December 1978), in the Arab and European States Bordering on the Mediterranean (Nice, 17 December 1976), in Latin America and the Caribbean (Mexico City, 19 July 1974). <http://portal.unesco.org/en/>.

нақты тәсілдері мен тетіктерін бекітілмеген. Сонымен қатар «жоғары білімге» де толық анықтама берілмеген. Мысалы, жоғарыда аталған барлық аумақтық конвенциялардың 1 — бабында келесідей анықтама берілген: «жоғары білім — бұл орта білім базасында жүргізілетін дайындық немесе ғылыми-зерттеу жұмысының кез келген білім түрі».

Қазақстан Республикасы Азия аумағында орналасқанына қарамастан, Азия аумағының жоғары білім саласындағы конвенцияға қосылмаған. Жалпы мұндай үрдіс Орта Азия елдерінің барлығына тән. Алайда, Орта Азияның Қазақстаннан басқа елдері жоғары білім саласында ешқандай аумақтық конвенцияларға қосылмаған.

Қазақстан жоғары білімнің екі жүйесін бастан кешті — кеңестік және еуропалық. Қазақстан Республикасы өзінің жоғары білім жүйесін реформалауда еуропалық жолды таңдап алды. Реформалардың бастамасы ретінде Қазақстан 1997 жылғы «Еуропалық аумақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» ЮНЕСКО Конвенциясына қосылғанын жоғарыда атап өттік. Жоғары білімді еуропалық бағыт бойынша реформалаудың қорытынды қадамдары ретінде Қазақстан Республикасының Орталық Азия мемлекеттері ішінен алғашқы болып Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігі туралы 1999ж. Болонья декларациясына қосылғандығын айтуға болады. Болон процесіне қосылған мемлекет өзіне бірқатар міндеттер арқаланады: жоғары білімнің үш деңгейлі жүйесі; ECTS академиялық кредиттер жүйесі; студенттердің, оқытушылардың академиялық мобильділігі; бірегей зерттеу кеңістігі. 2010 жылы Будапешт қаласында өткен білім министрлерінің конференциясында жоғары білімнің еуропалық кеңістігі толық құрылғандығы туралы мәлімдеме жасалды. Бұл Болонья декларациясында көзделген мақсаттардың орындалғандығын білдіреді⁷.

Білім саласындағы қатынастардың құқықтық негіздері Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) аясында да аз емес. Мәселен, Қазақстан келесідей білім саласындағы маңызды келісімдердің қатысушысы болып табылады: 1992 ж. Білім саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім (Ташкент); ТМД ортақ білім кеңістігін құрудағы ынтымақтастық туралы Келісім (Мәскеу). Аталған келісімдерден басқа онға жуық көпжақты келісімдер бар. Алайда, бұл келісімдердің арасында жоғары білім біліктіліктерін тану туралы, студенттердің академиялық бостандығы туралы келісімдердің жоқтығын айта кету керек. Сонымен қатар ортақ білім кеңістігін құру бойынша мемлекеттердің бірауыздан қолдайтын ұстанымдарының болмауы, ол кеңістікті құру бойынша қадамдардың өте баяу жүзеге асырылатындығы, ТМД мүше елдердің еуропалық білім кеңістіктеріне қарай бет бұруы осы аталған құжаттардың жүзеге асырылу мүмкіндігіне кері әсерін тигізеді.

ТМД шеңберінде білім саласындағы келісімдердің толық жүзеге асырылмауы себебінен, мемлекеттер посткеңестік аумақтағы басқа да интеграциялық нысандар бойынша білім саласында ынтымақтастықты дамытуды қолға алды. Мәселен, ЕврАзЭС шеңберінде Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы Үкіметтері арасында білім, ғылыми атақтар мен дәрежелерді тану және эквиваленттілігі туралы 1998 ж. Келісім, ЕврАзЭС мүше мемлекеттерінде ғылыми дәрежелерді өзара тану және құжаттардың эквиваленттілігін орнату туралы 2005 ж. Келісім.

Бұл аталған құжаттарды нақты жүзеге асыру мүмкіндігі 2011 жылы 18 қарашада Мәскеу қаласында Кедендік Одақтың мемлекет басшыларының Еуроразиялық экономикалық интеграция Декларациясына қол қойғаннан кейін туындады⁸. Бір қарағанда экономикалық интеграцияның білім саласына қатысы жоқ болып көрінуі мүмкін, алайда, декларацияның негізгі бағыттарының бірі тауар, қызмет, капитал, еңбек ресурстарының ортақ нарығы және білім стандарттарының сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл негіз қалаушы құжат. Болашақта білім саласына қатысты ортақ кеңістікті қалыптастыратын жаңа құжаттардың қабылдануы әбден мүмкін. Ия, білім саласына қатысты «ортақ кеңістік». Өйткені, білім

7. Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігі туралы 1999ж. Болонья декларациясы. <http://www.edu.gov.kz/>

8. 2011 жылғы Еуроразиялық экономикалық интеграция Декларациясы. <http://nsi-press.ru/2011/11/deklaraciya>

саласындағы ынтымақтастық, білім біліктіліктері құжаттарын тану туралы келісімдер қабылданып қойған және оларды қайталаудың қажеті жоқ. Әрине посткеңестік аумақта өзіндік білім кеңістігін қалыптастыру идеясы КСРО ыдырағаннан бері туындап келеді. Алайда, ол әрекеттер өз жемісін бермеуде. Енді міне Кедендік Одақ аясында болса да нақты мүмкіндік туындап отыр. Бірақ, Кедендік Одақ мемлекеттері ішінен Еуропалық жоғары білім кеңістігіне Қазақстан толық, Ресей жартылай мүше болса, Беларусь мүлдем мүше емес. Осы мезетте білім стандарттарының сәйкестігін қамтамасыз ету қиындықтарға тап болары сөзсіз. Кедендік Одақ мемлекеттерінің білім стандарттарының сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен мүше елдердің ұлттық білім стандарттарын терең талдау қажет және де ондай қадамдарды бастауға ғылыми негіздемелер керек.

«Білім стандарттарының сәйкестігін қамтамасыз ету» жаңа білім жүйесін қалыптастыруды көздейді ме? Кедендік Одақ ЕуроОдақты құрудың тәжірибесіне сүйеніп жүзеге асырылып жатқандығы жасырын емес. Тарихқа көз жүгіртсек, ЕуроОдақтың қазіргі таңдағы типіне 50 жылда қол жеткізілді. Біріккен Еуропаны құру идеясы II Дүниежүзілік соғыстан кейін қолдалынып, көптеген сатылардан өтті. Алғашында ТМД-ға ұқсас Еуропа біртұтас болған жоқ. Әртүрлі Евратом, Еуропалық экономикалық кеңістік, Көмір және темірдің Еуропалық қауымдастығы сияқты интеграциялық нысандар жүзеге асырылды. Қарап отырсақ, ТМД шеңберінде де осыған ұқсас интеграциялық қадамдар жасалуда және Кедендік Одақ басшылары ЕуроОдақ сияқты нысанға жетуді көздейтіндігін жасырмайды. Аумақтық интеграциялық қадамдар әлеуметтік өмірдің барлық саласына әсер етеді: кедендердің жойылуы; тауардың, капиталдың, қызметтің, еңбек ресурстарының бостандығы; ортақ ақша бірлігі; ортақ банк жүйесі; және де ортақ білім жүйесі. Болашаққа көз жүгіртер болсақ, Еуразиялық білім жүйесінің қалыптасуы әбден мүмкін. Бірақ, менің ойымша ондай білім жүйесінің қалыптасуына кедергі келтіретін бірнеше себептер бар.

Біріншіден — Кедендік Одақтағы білім кеңістігінің күшіндегі құқықтық базасының төмендігі. Жаңа құқықтық базаны қалыптастыру қиын емес, бірақ оны жүзеге асыру, күшіндегі еуропалық білім кеңістігінен бас тарту немесе оны алмастыру, еуропалық білім жүйесін қайталамау оңай емес.

Екіншіден — мұндай білім жүйесінің экономикалық тиімділігінде. Қазақстан еуропалық білім жүйесіне көшуге өте қомақты қаржы бөлді, жоғары білім кредиттік білімге көшірілді, көптеген мемлекеттік стандарттар жасалды, еуропалық білім жүйесіндегі әлемнің дамыған елдерімен білім саласында екіжақты 80-ге жуық келісімдер жасалды.

Үшіншіден — Кедендік Одақ азаматтарының Одаққа мүше мемлекеттерде білім алуға деген қызығушылық танытуында. Жоғары білім алуда тек Қазақстанның ғана емес, Ресей мен Беларусь жастарының Еуропалық және Американдық университеттерді таңдайтындығы жасырын емес.

Қорыта келе, жоғары білім саласында Қазақстан Республикасының сыртқы қатынастарының құқықтық негіздері толық айқындалған деп айтуға болады. Адам құқықтары аясындағы негізгі халықаралық стандарттар бекітілген, ЮНЕСКО стандарттары мен ұсыныстары мойындалады, аумақтық конвенцияларға қол қойылған, жаңа интеграциялық нысандарға қатысады және көптеген екіжақты келісімдерге қол қойылған. Алайда, тәуелсіздіктің 20 жылдығында білім саласында қол қойылған келісімдерге құқықтық, экономикалық талдау жасау уақыты жетті. Келісімдердің біршамасы ескірген, орындалмайды немесе күшіндегі білім стандарттарына сәйкес келмейді.

Резюме

В статье рассказывается о международно-правовых аспектах сотрудничества Казахстана в сфере высшего образования. Анализируются универсальные, региональные договоры в сфере образования, перспективы развития региональной интеграции в рамках ЕвразЭс в образовательной сфере.

Summary

The article discusses the international legal aspects of cooperation of Kazakhstan in the field of higher education. Analyzed universal and regional treaties in the sphere of education, the prospects for regional integration within the EurAsEs in the educational sphere.

Получи образование КазГЮУ в Астане с применением современных сетевых технологий

стоимость обучения
150 000 ₸

- юриспруденция
- международное право
- финансы
- учет и аудит
- экономика
- менеджмент

Перечень документов, необходимых для зачисления:

Документ о среднем профессиональном (последнем) или высшем образовании (подлинник)

6 фотографий размером 3x4

Медицинская справка форма (086-У)
(снимок флюорографии, копия прививочной карты)

Копия удостоверения личности, РНН
(при себе иметь оригиналы документов)

Копия приписного свидетельства
или военный билет

Справка с места работы

Качественное образование для каждого!!!

г.Астана, шоссе Коргалжык, 8, 8/7172/ 70 30 30 (многоканальный)
kazguu.kz@gmail.com | www.kazguu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУДАҒЫ
ҚАЗАХСТАН ГУМАНИТАРНО-ЮРИДИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

MBA
— КазГЮУ —

Казахский Гуманитарно-Юридический Университет предлагает программу подготовки Магистров делового администрирования (MBA)

Миссия программы MBA КазГЮУ – доступное и качественное образование для будущих лидеров, которые могут эффективно и успешно управлять преобразованием в организации как казахстанского, так и международного масштаба. Учебный план программы MBA основан на формате ведущих американских и европейских бизнес-школ и объединяет в себе теоретические концепции, ситуационные исследования и практические навыки. MBA КазГЮУ проводит обучение по следующим формам:

• Очно-вечерняя форма обучения

Срок обучения – 1,5 года. Занятия проводятся в вечернее время без отрыва от производства.

• Модульная программа MBA

Срок обучения – 1,5 года. Периодичность – 15 дней в квартал (5 модулей).

• Дистанционная форма обучения

Срок обучения – 2 года. Занятия проводятся в режиме онлайн конференций по установленному индивидуальному графику. Доступ к электронной библиотеке и информационно-технологическим ресурсам.

С 2011 года Центр MBA КазГЮУ является членом Международной Ассоциации MBA SEEMAN.

В подготовке специалистов MBA привлечены лучшие казахстанские и зарубежные лекторы. Это – известные профессионалы в своей сфере деятельности, работающие в реальном бизнесе, занимающие руководящие позиции, выдающие ученые и государственные деятели разных развитых стран. Выпускниками MBA КазГЮУ являются менеджеры и руководители ведущих национальных компаний.

Лицам, успешно освоившим образовательную профессиональную программу MBA, присваивается степень «Магистр делового администрирования».

При успешном завершении 1,5 годичной программы – вручается диплом государственного образца РК о присвоении степени магистра.

По итогам завершения 2 годичной программы – выдается Российский международный аккредитованный диплом «Московской международной высшей школы бизнеса «МНПИС».

Правила поступления:

• Наличие академической степени бакалавра/специалиста;

• Опыт работы не менее 2х лет

Перечень документов для поступления: заявление; эссе на свободную тему по экономике; нотариально заверенная копия диплома о высшем образовании; копия удостоверения личности, РНН; справка с места работы; рекомендательное письмо; 4 фотографии 3x4; мед справка (форма 086у).

г.Астана, шоссе Коргалжык, 8, 7 этаж, 711 каб.
тел: (7172) 70-17-13, 70-30-59, 49-32-34, моб.: 8-701-343-39-43
e-mail: mba_education@mail.ru